



ALĞYS HAT

*Благодарственное
письмо*

Құрметті Уалиева Камшат Құсановна

Болашақ ұрпаққа тағылымды тәрбиемен қатар, ғылым мен білімнің маңызды рөлін бойына дарыта отырып, интеллектуалдық өресі, адами капиталы толыққанды қалыптасқан, ұлтжанды азамат тәрбиелеудегі сүбелі үлесіңіз бен жаңа мазмұндағы білім беру жүйесін дамытуға қосқан үлесіңіз үшін алғысымызды білдіреміз!

Келес ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің басшысы



Б.Абдиев

Тіркеу № 334

Абай ауылы, 2021жыл



Курмет грамотасы ПОЧЁТНАЯ ГРАМОТА

Облыстық «Поэзия әлемі» байқауының
аудандық кезеңінде мақала жазу бағыты
бойынша үздік нәтиже көрсетіп,
жүлделі I орын иеленгені үшін
№2 Ө.Жәнібеков атындағы мз
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Уалиева Камшат
м а р а п а т т а л а д ы

Келес ауданының адами әлеуетті
дамыту бөлімінің басшысы



Б.Абдиев

Тіркеу № 694

Абай ауылы, 2023ж

ГРАМОТА

№2 Ө.Жәнібеков атындағы мектеп – гимназияда
«Жаңашыл педагог» атты мектепшілік сайыста өз
білімі мен біліктілігін, кәсіби шеберлігін жоғары
дәрежеде танытқаны үшін
«Жаңалыққа күштар педагог»
номинациясымен

қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Ғашева Қамшат


МАРАПАТТАЛАДЫ

Мектеп – гимназия директоры  Р.Табылдиева

Тіркеу нөмірі № 6

Абай ауылы

2022-2023 оқу жылы жыл





ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ДАМУ МИНИСТРЛІГІ
КУӘЛІК №17359 СИ

ДИПЛОМ

I дәрежелі

ҚР Тұңғыш Президенті қоры сыйлығының иегері Qaztest.kz олимпиада ұйымдастыру комитеті жас педагогтардың кәсіби біліктілігін арттыру мақсатында ұйымдастырған V Республикалық «Үздік жас маман» олимпиадасының жеңімпазы

Уалиева Камшат Құсановна

Түркістан облысы, Келес ауданы №2 Өзбекәлі Жәнібеков атындағы мектеп-гимназия

Qaztest.kz олимпиада ұйымдастыру
комитетінің төрайымы:
профессор Г.С. Сұлтанбаева



Алматы, 2021

Тіркеу № D-208643

Сертификат

Уалиева Камшат Кусановна

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы өткізген «Мектепте сабақты зерттеу үдерісін ұйымдастыру» тақырыбындағы 5 академиялық сағат көлеміндегі оқыту вебинарына қатысты.

принял(-а) участие в вебинаре, проведенном Центром педагогического мастерства АО «Назарбаев Интеллектуальные школы», на тему «Организация процесса исследования урока в школе» в объеме 5 академических часов.

20.01.2023



3e669b5eb



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ДАМУ МИНИСТРЛІГІ
КУӘЛІК №17359-СН

СЕРТИФИКАТ

Уалиева Камшат Құсановна

ҚР Тұңғыш Президенті қоры сыйлығының иегері Qaztest.kz олимпиада
ұйымдастыру комитеті жас педагогтардың кәсіби біліктілігін арттыру
мақсатында ұйымдастырған V Республикалық «Үздік жас маман»
олимпиадасына қатысқандығын растайды

Қатысушының жинаған ұпайы 24/25

Түркістан облысы, Келес ауданы №2 Өзбекәлі Жәнібеков атындағы
мектеп-гимназия

Qaztest.kz олимпиада ұйымдастыру
комитетінің төрайымы:
профессор Г.С. Сұлтанбаева



Алматы, 2021

Тіркеу № С-208643

UZDIK USTAZ

СЕРТИФИКАТ *"UZDIK USTAZ"*

Республикалық ғылыми - әдістемелік журналы

*Түркістан облысы Сарыағаш ауданы
Ө.Жәнібеков атындағы-гимназия
Қазақ тілі және әдебиеті пәні мұғалімі*

Уалиева Камшат Кусановна

Білім жүйесіне қосқан үлесі үшін алғыс білдіреді!

Директор: Даукенова А.Д



Алматы 2021

A stylized, handwritten signature in black ink, likely belonging to the director mentioned in the text.

Тіркеу №0001617

ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІНЕН БІЛІМ БЕРУДЕГІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРДІҢ ТИІМДІЛІГІ



Түркістан облысы Сарыағаш ауданы
О.Жәнібеков атындағы-гимназия
Қазақ тілі және әдебиеті пәні мұғалімі
Уалиева Камшат Кусановна

«Мұғалім көп әдісті білуге тырысуы керек.
Оны өзіне сүйеніш, қолғабыс нәрсе есебінде
қолдануы керек»

Ахмет Байтұрсынов

Оқыту орыс тілінде жүргізілетін мектептердің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің алдында тұрған негізгі мақсат – тіл үйрету, мемлекеттік тілді меңгерту, осы тілде дұрыс сөйлеу, сауатты жазу дағдыларын қалыптастыру, грамматикалық ережелер мен сөйлем құрылысын меңгерту.

Қазақ тілін оқыту барысында тілдің қыр - сырын, табиғатын таныта отырып ертеңгі өмірден орын таба алатын, өзіне сенімді, парасатты ұрпақ тәрбиелеу үшін педагогиканың озық үлгілерін жаңашылдықпен пайдаланып, тәжірибені байыта түсуіміз қажет.

Мұғалім үшін ең басты назар аударатын мәселе – сабақтың әдісі. Оқыту үрдісінде сан мыңдаған әдістер бар. Оқушыларға қазақ тілін меңгертуде жақсы нәтижеге жету үшін мұғалім сабақтың түріне қарай әр түрлі әдістерді тиімді қолдану керек.

Әдіс дегеніміз – мұғалімнің белгілі бір мақсатқа жетудегі іс - әрекеті, тәсілі.

Ал технология дегеніміз – көптеген әдістердің жиынтығы. Алға қойған мақсатқа жету үшін мұғалім қай әдісті қашан және қалай қолдану керектігін алдын ала жоспарлап отыруы керек.

Әдістің негізін құрайтын қағидалар:

1. Оқушының сөйлеу бағытын анықтау.
2. Адамның жеке басының ерекшелігін ескеру.
3. Орта жағдайын ескеру.
4. Сөйлеу дағдысын жанарту.

Әдістің түрлері:

- о сұрақ-жауап әдісі
- о оқушының логикалық қабілетін арттыру
- о баяндау (дәріс)
- о ойын элементтері
- о топтық, ұжымдық
- о деңгейлеп оқыту
- о ой қозғау
- о ой қорыту
- о іскерлік ойындар
- о танымдық ойындар арқылы оқушының белсенділігін арттыру
- о оқушының шығармашылық қабілетін арттыру т.б.

Білімді тексеру және бағалау сабағындағы мақсат – оқушы білімінің деңгейі мен тиянақтылығын зерттеу. Бұл сабақты топтық, ұжымдық етіп интерактивті әдістермен жүргізген тиімдірек. Өйткені, білімді тексеруге командалық әдіспен өту (жалпы сынып бойынша) қолайлы болады. Сабақтың өн бойында өткенді қайталап, оқушылардың әрқайсысының қаншалықты сабақты меңгергендігін білу басты мақсат болып табылады.

Өзге тілді оқытуда бірден - бір тиімді әдіс – коммуникативтік әдіс деп ойлаймын. Коммуникативтік әдіс оқушылардың ауызекі сөйлеуін, қарым-қатынас жасауын, сұрақ - жауап жүргізуін, әңгімелесуін, сөйлеу қабілетін қалыптастырып, сөздік қорын молайтады, тілді дамытады. Бұл әдістің ішінде ерекше орын алатыны – диалог. Диалог оқушылардың сөйлесу әрекетін, сұрақты дұрыс қоя білуде, ақпарат алмасуда, жалпы тіл үйренуде таптырмас жұмыс түрі. Тақырыпты тереңірек игертуде қосымша «Т-

кестесін» қолдануға болады. Бұл интербелсенді тәсіл – бір-біріне қарама-қарсы немесе салыстыруға болатын ақпарат пен пікірлерді келтіруге арналған жазу кестесі.

«Менің күн тәртібім» тақырыбына қатысты мұғалім мынадай екі пікірді салыстыра алады: күн тәртібі жоспарланған оқушы мен күн тәртібі құрылмаған оқушының артықшылықтары, кемшіліктері. Кестені интербелсенді тактада орындау барысында топ оқушылары алдын-ала жазылып қойылған сөздерді тиесілі жолалқа орналастыруы керек. Осыдан келіп оқушылар салыстырмалы түрде жақсы мен жаманның айырмашылығына түйін жасайды.

Сабақ соңында «Иә, жоқ» сұрақ-жауап кезеңін жоспарлап, грамматикалық тақырып пен негізгі тақырып туралы бірнеше сұрақтар тізімін келтіруге болады. Интербелсенді тактада дұрыс сауалдың тұсына «+» белгісін қойып, бұрыс сауалға «-» белгісін қойып отырады. «Жоқ» деп жауап берген жағдайда, себебін сөздік қорларына байланысты қысқаша түсінік беріп кетеді. Осылайша мұғалім өтілген тақырыптың қаншалықты меңгерілгендігі жөнінде анықтап әрі оқушылардың тақырып бойынша білімін қайта пысықтап алады.

Әр түрлі тақырыпта диалог құрғызуда күтілетін нәтижелер:

Оқуға қызығушылық артады

Сабақта белсенділік жоғарылайды

Сөздерді есте сақтау қабілеті дамиды

Дұрыс сөйлемдер құрауға дағдыланады

Сөйлеу тілі қалыптасады

Топпен, жұппен жұмыс жасауды үйренеді

Сөйлеу іскерлігінің коммуникативтік бағыттары: оқу, тыңдау, сөйлеу, жазу.

Сабақта тілдік қарым - қатынас жағдайын ұйымдастырмай тұрып, мемлекеттік тілде сөйлеуге үйрету мүмкін емес.

Педагогикалық технология бойынша оқушының тіл мәдениетін білім, білік, дағды арқылы дамыту қажет. Әр оқушының деңгейіне қарай бағдарлама жасау керек. Әрбір жеке жұмыс қабілетін ескере отырып сынып тапсырмаларын, үй жұмысын баланың ерекшелігіне қарай беру керек. Осы міндетті атқару үшін біз өз тәжірибемізде деңгейлеп оқыту технологиясын пайдаланамыз. Сыныптағы оқушылар өз деңгейіне сәйкес тапсырма таңдап алады. Бұл тапсырмалар оқушының білім деңгейін бағалауға, мүмкіншіліктерін байқауға, мұғалімнің әрі қарай қандай жұмыс атқару керектігін көрсетіп береді.

Жоғарғы сыныптарда белгілі бір мәтін бойынша жұмыс түрлеріне тоқталамын. Мәтін бойынша сай келмейтін ақпаратты табу, сәйкес ақпаратты табу, сұраққа

мәтін бойынша дұрыс жауапты табу, қандай тірек сөздер бар, асты сызылған сөздердің мағынасын ашыңыз тәрізді тапсырмалар беремін. Сол сияқты суреттер сөйлетеміз сияқты да тапсырмалар болады. Бұл жоғары сынып оқушыларының қызығушылығын оятып, логикалық ойлануына, мәтінді түсінуге жетелейді. Қазіргі заманғы әдіс-тәсілдердің ішінде ең қолайлысы – компьютерлік технология. Сабақ барысында мен оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін, стратегияларын пайдаланамын. Яғни сын тұрғысынан ойлау стратегиялары: «Алты қалпақ», «Венн диаграммасы», «Фишбоун», т.б.

Білімді тексеру және бағалау сабағындағы мақсат – оқушы білімінің деңгейі мен тиянақтылығын зерттеу. Бұл сабақты топтық, ұжымдық етіп интерактивті әдістермен жүргізген тиімдірек. Өйткені, білімді тексеруге командалық әдіспен өту (жалпы сынып бойынша) қолайлы болады. Сабақтың барысында өткенді қайталап, оқушылардың әрқайсысының қаншалықты сабақты меңгергендігін білу басты мақсат болып табылады.

Оқушыны қажеттілігіне қарай даралап аламыз, олардың оқуын қолдау үшін бірінші кезекте қандай стратегияларды пайдаланатынымызды және тапсырмаларды жоспарлап алу қажет.

Дарынды және талантты оқушылармен жұмыс істеу барысында олардың оқуын кеңейту үшін, бірінші кезекте қандай стратегияларды пайдаланатынымызды және тапсырмаларды жоспарлап аламыз.

Деңгеймен оқытудың ерекшелігі:

1. Таланттылар өздерінің қабілеті мен икемділігін одан әрі бекіте түседі, әлсіздер оқуға инет білдіріп, сенімсіз.

діктен арылады.

2. Оқушылардың оқуға деген ынтасы артады.

3. Білім дәрежесі бірдей топтарды оқыту ісі жеңілдейді.